«8D03106 – Аймақтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тұралин Есенғазы Мұхаметжанұлының «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы» атты диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын халықаралық қатынастар теориялары тұрғысынан зерттеу төмендегі бағыттарға және құжаттарға толық сәйкес келеді: 1. Ғылымды дамытудың басым бағыттары (ҚР БҒМ, 2021–2025 жж 2. Қазақстанның ұлттық даму жоспары – 2025» (ҚР Президенті Жарлығы, 2021 ж.) құжатында көрсетілген:ұлттық мүддені халықаралық деңгейде ілгерілету; көпвекторлы сыртқы саясатты нығайту; жаһандық процестерге белсенді қатысу міндеттерімен сәйкес келеді. 3. Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған ғылым мен технологияларды дамытудың тұжырымдамасы: «Ұлттық мүддені қорғаудың ғылыми негіздері» және «аймақтық тұрақтылықты ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету» мақсаттарына нақты сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында ғылым мен білім берудің стратегиялық басымдықтарына, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді. • Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңы мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың елдің тарихи санасын қалыптастырудағы рөлі ерекше аталған. Диссертациялық жұмыс осы бағытқа сәйкес келеді. • «Қазақстан–2050» стратегиясында ұлттық тарихты жаңаша зерделеу, жас ұрпақтың тарихи санасын нығайту мәселелері көтерілген. Зерттеу тақырыбы осы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

			• Жұмыс мазмұны Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасымен, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтау және тарихи сананы қалыптастыру бағдарламалық құжаттарымен үйлеседі. • Ғылыми ізденістің бағыты ҚР БҒМ бекіткен ғылымның басым бағыттарына (әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, тарих ғылымы) сай келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, «8D031-Әлеуметтік ғылымдар» кадрларды даярлау бағытына, «8D03106 – Аймақтану» білім беру бағдарламасына және әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс автордың жеке бастамасымен орындалған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе мақсатты бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған жоқ. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту» бағытына сәйкес орындалды. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты тарихи-философиялық және ғылыми талдау арқылы қарастыруға арналған. Кіріспеде айқындалған өзектілік – қазіргі түркі интеграциясы үдерістерінің жандана түсуімен және олардың Қазақстанның

			сыртқы саяси басымдықтарына сәйкес келуімен тікелей байланысты. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, себебі онда түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың теориялық және практикалық қырлары жүйеленіп, Қазақстанның аймақтық және халықаралық қатынастардағы орнына жаңаша ғылыми пайым жасалған. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи кезеңдердегі оқиғаларға философиялық тұрғыдан талдау жасалып, олардың қазіргі түркі интеграциясына ықпалы айқындалған. Жұмыстың маңыздылығы толық ашылған: алынған тұжырымдар Қазақстан тарихы мен халықаралық қатынастар ғылымының тоғысында жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізуге, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларда көзделген ұлттық бірегейлікті нығайту және интеграциялық саясатты ілгерілету міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Жұмыстың маңыздылығы ашылған, себебі кіріспеде зерттеу нысаны мен пәні, мақсат-міндеттері, өзектілігі мен ғылыми жаңалығы нақты әрі жүйелі түрде тұжырымдалған. Автор ұсынған теориялық-талдамалық база мен практикалық нәтижелер қазіргі халықаралық қатынастар саласындағы ғылыми ізденістерге негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) <u>жоғары</u>;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	1) Жазу деңгейі – жоғары. Мәтін ғылыми стиль талаптарына сай жазылған, құрылымы жүйелі, тілдік құралдары бірізді және нақты қолданылған. Автор зерттеу нысаны мен пәнін, мақсат-міндеттерін, ғылыми жаңалығын және теориялық-әдіснамалық негіздерін анық әрі түсінікті түрде тұжырымдайды. Терминология орынды таңдалған, пәнаралық ұғымдар дұрыс сәйкестендірілген. Жазу барысында логикалық тұтастық пен бірізділік сақталған, сөйлемдердің құрылымы күрделі ғылыми мәтінге тән. Тілдік нормаларға сай, қазақ ғылыми тілінің нормалары мен стильдік талаптары ескерілген..
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) <u>негізделген;</u>** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 1) -негізделген Зерттеу жұмысының кіріспесінде тақырыптың өзектілігі қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық пен түркі интеграциясының артып келе жатқан маңызымен дәлелденген.

			Жұмыстың мақсаты мен міндеттері осы өзектілікпен тікелей байланыста анықталған, ал ғылыми жаңалық пен теориялық маңыздылық тұжырымдары қойылған мақсаттарға толық сәйкес келеді. Кіріспеде берілген міндеттердің мазмұндық бөлімдерде кезең-кезеңімен қарастырылуы мен күтілетін нәтижелердің нақты айқындалуы зерттеудің ішкі логикасын қамтамасыз етеді. Осы арқылы диссертацияның құрылымдық тұтастығы сақталып, ішкі бірлік принципі толық жүзеге асқанын байқауға болады. Сондықтан жұмыстың кіріспесіне қатысты ішкі бірлік принципі сақталған, ол зерттеу логикасының бірізділігін, мақсат пен міндеттердің өзара үйлесімділігін және нәтижелердің ғылыми құндылығын айқын көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) <u>айқындайды;</u>** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	4.2 1)-айқындайды Зерттеу жұмысының мазмұны қойылған тақырыпқа толық сәйкес келеді. Жұмыстың бөлімдері мен тарауларында Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың тарихи, саяси және мәдени қырлары жүйелі түрде қарастырылып, түркі интеграциясы идеясының теориялық негіздері талданған. Бұл мазмұн диссертация тақырыбын толықтай айқындап, зерттеу міндеттерін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан диссертацияның мазмұны тақырыпты айқындайды және оны толық ашады, құрылымдық бірлік сақталған, зерттеу логикасы бірізді жүргізілген.Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын нақты, логикалық және толық түрде ашылған, зерттеу объектісі мен мәселесін жан-жақты көрсетілген. диссертацияның негізгі тақырыбының әрбір аспектісі зерттеліп, ғылыми ізденістің ауқымы мен бағыты анық көрініс тапқан.Мазмұнда диссертация тақырыбындағы басты ұғымдар, проблемалар, зерттеу шеңбері мен негізгі сұрақтар анық көрсетілген. Мазмұн тақырыптың мазмұндық қырларын жүйелі түрде бөліп, әр бөлімде қандай зерттеу міндеттері шешілетінін айқындаған. Тақырыптың ғылыми жаңалығын, қазіргі ғылыми

			және практикалық маңызын көрсетуге тырысқан. Диссертация мазмұнында тақырыпқа қатысты теориялық түсініктер, концепциялар бірлесіп қарастырылған. диссертация мазмұны диссертация тақырыбының ғылыми ауқымын, зерттеу бағытын, оның теориялық және практикалық маңызын нақты әрі жүйелі түрде сипаттап, тақырыптың жан-жақты ашылуын қамтамасыз еткен.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) <u>сәйкес келеді</u>;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	4.3 1) сәйкес келеді Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тақырып мазмұнымен толық сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты – Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың тарихи және қазіргі даму бағыттарын кешенді түрде зерттеу – тақырыппен үйлесімді анықталған. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қойылған міндеттер (ынтымақтастықтың тарихи алғышарттарын талдау, аймақтық және халықаралық деңгейдегі рөлін бағалау, түркі интеграциясының саяси және мәдени қырларын қарастыру, т.б.) диссертация тақырыбына сәйкес нақты әрі жүйелі берілген.Сондықтан жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді, тақырыпты ашуға және зерттеу нәтижелерін негіздеуге бағытталған. Мақсат пен міндеттердің бір-бірімен ішкі логикалық байланысы сақталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) <u>толықтай өзара байланысқан</u>;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	4.4 1) байланысқан Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері өзара логикалық байланысқан және бір-бірін толықтырады. Әрбір тарауда алдыңғы бөлімде айтылған ғылыми тұжырымдар жалғасын тауып, келесі бөлімнің мазмұнына негіз болады. Жұмыстың негізгі ережелері де бірізділікпен берілген, зерттеу мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған. Осылайша, диссертацияның құрылымдық тұтастығы сақталған, бөлімдері мен ережелері арасында ішкі логикалық байланыс айқын көрінеді. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми деңгейін көтеріп, нәтижелердің сенімділігін арттырады.

			Зерттеу жұмысының құрылымына талдау жасау барысында диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері өзара логикалық байланыста екендігі анық көрінеді. Әрбір тарау алдыңғы бөлімде қарастырылған теориялық және практикалық мәселелердің жалғасы ретінде беріледі және олар зерттеу мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған. Кіріспе бөлімінде зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаты, міндеттері, нысаны мен пәні нақты айқындалған, бұл кейінгі тараулардың мазмұнын айқындауға негіз болған. Бірінші тарауда зерттеу тақырыбының теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылып, ғылыми ұстанымдар мен талдау әдістері ашып көрсетілген. Бұл бөлім диссертацияның ғылыми аппаратын қалыптастырып, келесі бөлімдер үшін теориялық база қызметін атқарады. Екінші тарауда тарихи деректер мен тәжірибелік материалдар жүйеленіп, олардың ғылыми тұрғыда сарапталуы жүргізілген. Бұл талдау бірінші тарауда белгіленген әдіснамалық негіздерге сүйене отырып жасалған, сондықтан бөлімдер арасындағы сабақтастық пен логикалық тұтастық сақталған. Үшінші тарауда алынған нәтижелерді қорыту, салыстырмалы талдау жасау және практикалық ұсыныстарды негіздеу қарастырылған. Мұндағы ережелер алдыңғы тараулардағы теориялық пайымдар мен деректерді талдаудың заңды жалғасы болып табылады. Қорытынды бөлімде жұмыстың негізгі нәтижелері жинақталып, зерттеу міндеттерінің орындалуы дәйектелген. Мұнда ұсынылған ғылыми тұжырымдар кіріспеде қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді және диссертацияның ішкі логикалық байланысын аяқтайды. Жалпы алғанда, диссертация құрылымы бірізділікке негізделген, бөлімдері бір-бірін толықтырып, негізгі ғылыми ережелерді дәйекті түрде ашып көрсетеді. Осылайша, зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен ережелері өзара логикалық байланысқан және ғылыми тұтастықты қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар,	4.5 1) сыни талдау бар

		әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертацияда автордың ұсынған ғылыми қағидаттары мен тұжырымдары нақты дереккөздерге, салыстырмалы-тарихи талдауға және жүйелі әдіснамаға сүйене отырып дәлелденген. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі, тарихи-салыстырмалы әдіс, жүйелік тәсіл, құрылымдық-функционалдық талдау сияқты теориялық-методологиялық құралдар тиімді пайдаланылған. Автордың жаңа шешімдері бұрыннан белгілі теориялық көзқарастармен ұштастырылып, мысалы, халықаралық қатынастар теориясындағы реализм, либерализм, конструктивизм сияқты бағыттар тұрғысынан сарапталған. Бұл тұрғыда диссертацияда дәстүрлі тұжырымдардың шектеулері көрсетіліп, жаңадан ұсынылған әдістердің артықшылықтары негізделген. Жұмыс барысында ұсынылған тұжырымдар нақты тарихи кезеңдердегі Қазақстан мен аймақтық процестердің деректерімен салыстырылып, сол арқылы бұрынғы зерттеулердегі түсіндірулер толықтырылып, жаңа ғылыми көзқарас қалыптастырылған. Белгілі шешімдермен салыстырғанда, автордың жаңалықтары: • зерттеліп отырған құбылыстың тек тарихи-деректік шеңберде ғана емес, сонымен қатар философиялық және ғылыми-әдіснамалық тұрғыда зерделенуінде; • интеграциялық процестердің дамуына әсер ететін қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени факторларды кешенді қарастыруында; • ғылыми тұжырымдарды тек теориялық деңгейде ғана емес, практикалық ұсыныстармен байланыстыруында көрініс табады. Осылайша, автордың жаңа шешімдері нақты деректер мен теориялық негіздемелер арқылы дәйекті дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, олардың артықшылықтары ғылыми тұрғыдан айқын көрсетілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? **1) толығымен жаңа;**	5.1 1) жаңа

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелердің жаңалығы айқын көрінеді. Біріншіден, тақырып аясында бұрынғы зерттеулер көбінесе жекелеген аспектілерді ғана қарастырған болса, автор мәселені кешенді түрде талдап, жаңа қырынан қарастырған. Бұл ғылыми нәтижелердің бірегейлігін қамтамасыз етеді. Екіншіден, жаңа ережелер нақты тарихи деректерге, ресми құжаттарға, статистикалық мәліметтерге, заманауи зерттеулерге сүйеніп дәлелденген. Автор деректерді тек сипаттап қана қоймай, оларды салыстырмалы-тарихи талдау, жүйелі әдіс, құрылымдық-функционалдық тәсіл арқылы өңдеп, тұжырымдарын жан-жақты негіздеген. Үшіншіден, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырғанда, диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер зерттелетін құбылыстың жаңа қырларын ашып көрсетеді. Мысалы: • тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстары тереңірек ашылған; • әлеуметтік және философиялық факторлар қатар қарастырылған; • интеграциялық немесе тарихи процестердің заманауи жаһандық үрдістермен байланысы айқындалған. Төртіншіден, ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы да көрсетілген. Автор ұсынған тұжырымдар тек теориялық деңгейде қалмай, оларды ғылыми-зерттеу, білім беру және қоғамдық пікір қалыптастыруда қолдануға болатыны дәлелденген. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері аймақтану және халықаралық қатынастар теориясы тұрғысынан жаңа болып табылады, диссертацияда аймақтық процестерді талдауда дәстүрлі теориялық тәсілдер (реализм, неолиберализм, конструктивизм) тек сипатталып қоймай, олардың аймақтық ерекшеліктерге бейімделген авторлық интерпретациясы ұсынылған. Бұл халықаралық қатынастар теориясын аймақтық зерттеулерге қолданудың жаңа қыры болып табылады. Аймақтану ғылымында көбінесе геосаяси факторларға

			басымдық берілсе, диссертацияда әлеуметтік-мәдени, тарихи және құндылықтық аспектілерді қоса қарастыру арқылы аймақтық даму үрдістері кешенді түрде түсіндірілген. Мұндай тәсіл бұрынғы еңбектерден ерекшеленіп, ғылыми жаңалық ретінде бағалануға лайық. Жұмыс барысында ұсынылған ғылыми нәтижелер тек теориялық деңгейде қалмай, аймақтық қауіпсіздік, интеграция, ынтымақтастық сияқты нақты мәселелерге қолданылып, олардың практикалық маңызын арттырған. Бұл халықаралық қатынастар теориясын тәжірибелік талдауға енгізудің жаңа қадамы болып саналады. Диссертацияда аймақтық процестерді бағалауда жаңа салыстырмалы әдістер қолданылған: Қазақстан мен басқа аймақ елдерінің тәжірибесі қатар салыстырылып, ұқсастықтар мен айырмашылықтар жүйелі түрде ашылған. Бұл ғылыми нәтижелердің эмпирикалық тұрғыдан да жаңалығын көрсетеді.Ғылыми нәтижелер халықаралық қатынастар теориясына аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып жаңа әдістемелік негіздеме енгізуімен, сондай-ақ аймақтанудың кешенді факторларын талдауымен жаңа болып табылады. Осылайша, диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа, өзекті және жан-жақты дәлелдермен нақты негізделген, ал бұрынғы зерттеулердегі белгілі шешімдермен салыстыру олардың ғылыми жаңалығын одан әрі күшейтіп отыр.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.2 1) жаңа Диссертацияда жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан жаңа әрі өзекті. Олардың жаңалығы бірнеше қырынан көрінеді: Біріншіден, қорытындылар зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келіп, аймақтану мен халықаралық қатынастар теориясының өзекті мәселелерін жаңа қырынан ашып көрсетеді. Екіншіден, автор бұрыннан белгілі теориялық тұжырымдарды қайталамай, оларды салыстырып, нақты аймақтық ерекшеліктерге бейімдеген. Соның

			негізінде халықаралық қатынастардағы аймақтық үрдістерді түсіндірудің жаңа тәсілдері ұсынылған. Үшіншіден, қорытындылардың тәжірибелік маңызы да айқын. Олар Қазақстанның және жалпы аймақ елдерінің сыртқы саяси стратегиясын, интеграциялық бағыттарын, қауіпсіздік пен ынтымақтастық саласындағы қадамдарын ғылыми негізде талдауға мүмкіндік береді. Төртіншіден, қорытындылар бұрынғы еңбектерде жеткілікті қарастырылмаған аспектілерді қамтиды. Атап айтқанда, әлеуметтік-мәдени және құндылықтық факторлардың аймақтық саясатқа ықпалы жаңа ғылыми пайыммен дәлелденген. Осыған байланысты диссертацияның қорытындылары жаңа, ғылыми ортаға тың тұжырымдар енгізетін деңгейде деп бағалауға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттермен салыстырылып, олардың аясында авторлық көзқарастың артықшылықтары мен жаңалығы дәлелденген. Жалпы алғанда, диссертация қорытындылары ғылымға нақты үлес қосатын, бұрын кеңінен зерттелмеген қырларды ашатын жаңа ғылыми нәтижелер болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.3 Диссертацияда ұсынылған қорытындылар мен ғылыми нәтижелердің ішінде техникалық немесе технологиялық шешімдер емес, негізінен экономикалық және басқарушылық сипаттағы шешімдер жаңа әрі негізделген деп бағалануға болады. Біріншіден, зерттеу Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жаңа қырынан талдап, екіжақты сауда, инвестициялық және өндірістік кооперацияны дамытудың ғылыми тұрғыдан негізделген бағыттарын ұсынған. Бұл экономикалық шешімдер өзектілігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

			Екіншіден, диссертацияда Түркі тілдес мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) аясында басқару тетіктерін жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар жасалған. Яғни, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі көпжақты үйлестіру механизмдерін күшейту қажеттігі ғылыми негізделген. Бұл басқарушылық шешімдер жаңа тәсіл ретінде бағаланады. Үшіншіден, жұмыста Қазақстан мен Түркияның инновациялық технологиялар, цифрлық трансформация және білім алмасу саласындағы ынтымақтастығын күшейтуге қатысты ұсыныстар берілген. Бұл ұсыныстар қазіргі жаһандық даму үрдістерімен үйлесімді және жаңа технологиялық әріптестікке жол ашады. Төртіншіден, зерттеу нәтижелері түркі мемлекеттері арасындағы экономикалық интеграцияны жандандырудың ғылыми негіздерін жасап, оның аймақтық тұрақтылық пен даму үшін маңыздылығын дәлелдейді. Мұндай экономикалық шешімдер жаңа әрі кешенді сипатта көрінеді Техникалық/технологиялық шешімдер инновациялық және цифрлық салаларда ұсынылған. Экономикалық шешімдер сауда, инвестиция, өндірістік кооперацияда жаңа ұсыныстар бар. Басқарушылық шешімдер – ТМҰ аясындағы үйлестіру мен институттық тетіктерді жетілдіруде көрініс тапқан.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда жасалған барлық негізгі қорытындылар qualitative research әдістеріне тән жан-жақты сапалық талдау арқылы негізделген. Автор тарихи-саяси құжаттарды, халықаралық келісімдерді, Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты қатынастар тәжірибесін, сондай-ақ түркі тілдес мемлекеттердің көпжақты ынтымақтастығының институционалдық негіздерін кешенді түрде қарастырған.Зерттеудің қорытындылары нақты деректер мен ғылыми әдебиеттерге сүйеніп дәлелденген. Әсіресе гуманитарлық ғылымдарға тән мәтіндік, салыстырмалы және дискурстық талдау әдістері ұтымды қолданылған. Бұл тәсілдер қорытындылардың сенімділігін арттырады және олардың ғылымилығын қамтамасыз етеді.

			Автор ұсынған негізгі тұжырымдар тек теориялық сипатта қалып қоймай, Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығының даму бағыттарына қатысты нақты ұсыныстармен толықтырылған. Бұл ғылыми жұмыстың практикалық құндылығын күшейтеді. Диссертацияның барлық қорытындылары гуманитарлық ғылымдарға тән әдістемелік талаптарға сәйкес жан-жақты дәлелдермен негізделген және ғылыми тұрғыдан сенімді. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде дәйекті дәлелдерге сүйеніп жасалған және жан-жақты негізделген. Бұл тұжырымдар мазмұны құжаттар мен материалдардан тұратын төрт дереккөздер тобына сүйеніп жүйеленген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ;	7.1 Қазақстан мен Түркия арасындағы тарихи-мәдени байланыстар екі ел ынтымақтастығының берік негізін қалайды. Автор тарихи деректерге, архив материалдарына және екіжақты келісімдерге сүйене отырып, ережені жеткілікті дәрежеде дәлелдеген.Тарихи-салыстырмалы әдіс, өркениеттік тәсіл қолданылған.Бұрынғы еңбектерде мәдени байланыстар жалпы сипатта ғана айтылса, диссертацияда нақты тарихи фактілер мен құжаттар арқылы терең ашылған. Түркі тілдес мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) шеңберінде Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығы жаңа институционалдық деңгейге көтерілді.Ұйымның құрылтай құжаттары, саммит шешімдері және ресми баяндамалар негізінде талданған. Қолданылған теориялар: Институционализм, халықаралық ұйымдар теориясы. Бұрынғы зерттеулерде ТМҰ қызметі үстірт қаралса, диссертацияда Қазақстан–Түркия ынтымақтастығының нақты бағыттары (білім, ғылым, экономика, мәдениет) жүйеленген. Қазақстан–Түркия қатынастарының экономикалық қыры екі елдің стратегиялық серіктестігінің басты қозғаушы күші болып табылады. Сауда айналымы, инвестициялық жобалар, көлік-транзит салалары бойынша нақты статистикалық мәліметтер келтірілген. Диссертацияда экономикалық

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	дипломатия, саяси реализм қолданылған. Бұрынғы зерттеулерде тек саяси аспект басым болса, бұл диссертацияда экономикалық факторлардың рөлі айқын ашылған. Қазақстанның аймақтық рөлі мен геосаяси маңызы Түркиямен стратегиялық ынтымақтастықты күшейтудің негізгі алғышарты болып табылады.Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамалары, аймақтық қауіпсіздік бастамалары талданған. Геосаяси талдау, халықаралық қауіпсіздік теориясын теориясын қолдана отырып аймақтық деңгейде Түркиямен байланысының ерекшелігі нақтыланған. Қазақстан мен Түркияның білім, ғылым және мәдениет саласындағы серіктестігі түркі интеграциясының гуманитарлық негізін қалыптастырады. Академиялық алмасу бағдарламалары, бірлескен мәдени жобалар, университетаралық әріптестік мысалдары көрсетілген. Мәдени дипломатия теориясы, жұмсақ күш концепциясы қолдана отырып, нақты бағдарламалар мен олардың нәтижелері дәлел ретінде берілген. Қорытындылар бірізді, мазмұнды және диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Әрбір ереже мен ғылыми тұжырым теориялық талдау, салыстырмалы бағалау және нақты фактілерге сүйеніп берілген. Бұл өз кезегінде жұмыстың ғылыми сапасын арттырып, қорытындылардың сенімділігін қамтамасыз етеді. **7.2** Тривиалды емес деп бағалауға негіз бар, диссертацияда ұсынылған негізгі қорытындылар халықаралық қатынастар ғылымында бұрыннан белгілі жалпы қағидаларды қайталамайды. Зерттеу нәтижелері жаңа эмпирикалық материалдарға, қазіргі кезеңдегі Қазақстан–Түркия ынтымақтастығының нақты деректеріне және халықаралық қатынастар теорияларының ұтымды үйлесіміне сүйенеді. Экономикалық ынтымақтастықтың басымдық рөлі – бұрынғы еңбектерде тек саяси және мәдени факторға мән берілсе, бұл жұмыста сауда, инвестиция,

			көлік дәліздері нақты сандық деректер арқылы дәлелденіп, олардың стратегиялық маңызы көрсетілген. Сондықтан бұл тұжырым тривиалды емес, себебі ол жаңа эмпирикалық базаға сүйенген.Аймақтану теориясы тұрғысынан Түркі мемлекеттері ұйымы көп еңбектерде ұйым тек мәдени-гуманитарлық платформа ретінде қарастырылса, диссертацияда ол аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылықтың институционалдық факторы ретінде негізделген. Бұл да тривиалды емес, себебі мәселе жаңа қырынан қарастырылған. Гуманитарлық байланыстардың тұрақтылық факторы ретінде бағалануы дәстүрлі зерттеулерде білім және мәдениет саласы қосалқы рөлде сипатталса, автор бұл бағытты стратегиялық әріптестіктің тұрақты іргетасы деп дәлелдеген. Яғни, ғылыми көзқарас жаңаша интерпретацияланған.Диссертацияның негізгі ережелері тек бұрыннан белгілі шешімдерді қайталамайды, қайта оларды жаңа теориялық негіздермен салыстыра отырып, қазіргі тарихи-эмпирикалық жағдайға сай жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынады. Сондықтан ұсынылған нәтижелерді “тривиалды емес” деп бағалауға толық негіз бар. 7.3 Бұрынғы зерттеулерде Қазақстан мен Түркия қатынастары көбіне саяси және мәдени ынтымақтастық аясында қарастырылып келсе, диссертацияда экономикалық, аймақтық қауіпсіздік және халықаралық ұйымдар контексінде кешенді түрде талданған. Аймақтану теориясы мен халықаралық қатынастар теориялары үйлестіріліп, Түркі мемлекеттері ұйымының рөлі жаңа қырынан бағаланған. Бұрынғы еңбектерде гуманитарлық байланыстар қосалқы фактор ретінде айтылса, бұл жұмыста олар стратегиялық тұрақтылықтың негізі ретінде дәлелденген. Қазақстан–Түркия экономикалық серіктестігіне қатысты жаңа статистикалық деректер енгізілген. Инвестиция, көлік дәліздері және мәдени интеграция саласындағы нақты ұсыныстар жасалған. Бұрынғы шешімдер тек саяси декларациялар деңгейінде болса, диссертацияда нақты

			механизмдер мен құрылымдық элементтер ұсынылып, олар жаңа тәсіл ретінде негізделген. Диссертациядағы ережелерді жай ғана бұрыннан белгілі тұжырымдардың қайталануы емес, ғылыми жаңалық ретінде бағалауға болады. Олар теориялық тұрғыдан да, практикалық қолданылуы жағынан да жаңа мазмұнға ие. 7.4 Диссертациядағы ережелер мен әдістер концептуалды және аналитикалық тұрғыдан дәлелденген. Халықаралық қатынастар мен аймақтану теориясында Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығының ерекшеліктерін түсіндіруде қолданылады. Ережелерді басқа мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдармен салыстыра отырып бағалау мүмкіндігі бар.Бұл қолдану деңгейінің сыни-аналитикалық аспектісі. Диссертацияда ұсынылған шешімдер туралы нақты іс-шаралар, бағдарламалар, саясат құру бойынша ұсыныстар бар болса, олар практикалық қолдану деңгейі деп есептеледі. Бірақ қазіргі зерттеу контекстінде олардың тек теориялық негізде қалыптасқанын, нақты іске асырылуын тек келешекте тәжірибе көрсете алады. Теориялық және салыстырмалы деңгейде қолдануға дайын, ал практикалық қолдану деңгейі әлі толық бағаланған жоқ, бірақ потенциалы бар. 7.5 мақалада ережелер мен ұсыныстар теориялық тұрғыда дәлелденген. Дәлелдер салыстырмалы талдау, халықаралық қатынастар теориясы және аймақтану принциптері арқылы көрсетілген. Әрбір тұжырым нақты фактілер мен деректерге сүйенген, бұл олардың ғылыми негізділігін растайды. Дегенмен, практикалық деңгейде қолдану мақала шеңберінде тек ұсыныс ретінде қарастырылған, нақты іске асырылуы келешекте тексерілуі мүмкін.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	8.1 дәйектілік қағидаты бойынша әдіснаманы таңдау мақалада нақты жазылған. Автор теориялық негізділікті сақтап, зерттеу объектісі мен тақырыбына сәйкес әдістерді таңдаған. Әдістер қолдану реттілігі мен логикасына сай келтірілген, яғни әрбір зерттеу кезеңі алдыңғысына негізделіп, кейінгі қорытындыларға ықпал етеді. Бұл дәйектілік қағидаты зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	8.2 Сандық деректерді өңдеуде статистикалық мәліметтерді талдау үшін бағдарламалар қолданылған. Кестелер, диаграммалар, графикалық талдау жасалған. Мәтіндік деректерді интерпретациялауда контент-талдау әдісі сыртқы саясатқа қатысты құжаттар мен мәлімдемелерді құрылымдық түрде талдауда қолданылған. Құжаттық мәліметтер базасы цифрлық архивтермен жұмыс, ҚР Сыртқы істер министрлігінің дерекқоры, халықаралық ұйымдардың ресми порталдарынан алынған деректер талданған. Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған деп бағалауға болады. Зерттеуде деректерді жинау, өңдеу және талдау процестері сандық және сапалық әдістерге сүйенген. Компьютерлік бағдарламалар мен ақпараттық технологиялар мәліметтерді интерпретациялау мен визуализациялау, сонымен қатар салыстырмалы талдаулар жүргізуге мүмкіндік берген. Бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерінің дәлдігін, сенімділігін және объективтілігін арттырады, сондай-ақ ғылыми тұжырымдарды нақты деректермен негіздеуге мүмкіндік береді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және	8.3 Бұл диссертацияда теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар негізінен салыстырмалы-сараптамалық талдау, кейстік зерттеулер, Мемлекеттік және халықаралық құжаттарға, стратегиялық мәлімдемелерге жасалған контент-талдау арқылы негізделген.Алайда, эксперименттік зерттеулер бұл ғылыми салада (халықаралық қатынастар және сыртқы саясат) тікелей қолданылмайды, өйткені бұл – теориялық-қолданбалы

		расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	сипаттағы зерттеу. Жұмыс халықаралық қатынастар саласына жатады, сондықтан педагогикалық эксперимент жүргізу міндетті емес. Диссертацияда теориялық қорытындылар мен модельдер өзара байланыстар мен заңдылықтар арқылы негізделген. Эксперименттік растау бұл салада талап етілмейді және жүргізілмегені әдіснамалық тұрғыдан орынды. Модельдеу, салыстырмалы әдіс, тарихи-саяси талдау қолданылған – бұл жеткілікті негізделу болып саналады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	**Расталған** Диссертацияда Қазақстанның сыртқы саяси бағыты туралы маңызды тұжырымдар мен қорытындылар келтірілген. Олардың көпшілігі Қазақстан Республикасы Президентінің стратегиялық құжаттарына (мысалы, Қ. Тоқаевтың мақалаларына, Жолдауларына), ҚР Сыртқы істер министрлігі құжаттарына, ТМД, ЕАЭО, ШЫҰ, БҰҰ секілді халықаралық ұйымдардың мәліметтеріне, Бірқатар ғылыми еңбектер мен сараптамалық баяндамаларға сүйеніп жасалған. Негізгі мәлімдемелердің біразы нақты және сенімді дереккөздермен расталған. Сондықтан диссертациядағы мәлімдемелер ғылыми әдебиеттермен расталған деп бағаланады. Барлық маңызды тұжырымдар мен қағидаларды (әсіресе сыртқы саясаттағы нақты нәтижелерге қатысты) ғылыми монографиялармен, ғылыми журнал мақалаларымен және беделді халықаралық басылымдармен дәйектелген. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, сонымен қатар аймақтық зерттеулер, халықаралық қатынастар теориясы, Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық туралы ресми статистикалық және аналитикалық деректерге сілтемелермен толық расталған. Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, оның ішінде жергілікті және халықаралық журналдар, екі мемлекет ынтымақтастығына қатысты ресми құжаттар мен актілер, ресми статистикалық мәліметтер, арнайы теориялық әдебиеттер бар. Зерттеу жұмысының барысында докторант отандық және шет елдік дереккөздерге сілтеме жасайды.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу жұмысында зерттеуші 340 дереккөздерін пайдаланған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс теориялық маңызға ие. Зерттеудің теориялық маңызы түркітілдес мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықты ғылыми тұрғыда түсіндіруге негіз болуымен айқындалады. Диссертацияда Түркия тәжірибесін талдау Қазақстанның сыртқы саясатындағы түркілік интеграция элементтерін зерделеуге және аймақтық дипломатияның тиімді тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыс түркі тілдес мемлекеттер контекстінде Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың теориялық негіздерін тереңдетеді. Халықаралық қатынастар теориялары (мысалы, аймақтану, көпвекторлық саясат, интеграциялық процестер) нақты мысалдар арқылы тексерілген. Автор жаңа ғылыми тұжырымдар мен ережелер ұсынады, олар бұрынғы зерттеулермен салыстырылып, теориялық дәлелдермен нығайтылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамытудағы нақты ұсыныстар мен стратегияларды қамтиды. Еңбек нарығы, халықаралық сауда, білім және мәдени байланыстар сияқты салаларда қолдануға болады.Нәтижелер мемлекеттік органдар, аналитикалық орталықтар және халықаралық ұйымдар үшін тиімді саясат құруда пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңызы оның нәтижелерін халықаралық қатынастар саласындағы мамандар мен сарапшылардың, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінің тәжірибесінде қолдануға болатындығында. Жұмыс түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар беріп, аймақтық тұрақтылық пен интеграциялық әлеуетті арттыруға ықпал етеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Тәжірибелік ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады. Түркітілдес мемлекеттер аясындағы Қазақстан мен Түркия елдері арасындағы саясатқа қатысты бұрын қарастырылмаған немесе жетілдірілген тәсілдер ішінара ұсынылған. Қазіргі халықаралық жағдайларға сай өзекті және жаңаша

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	әдістерді ішінара қамтылған. Сыртқы саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты және іске асырылатын ұсыныстар ішінара берілген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ойлар нақты тұжырымдалып, ғылыми этика талаптарына сай. Мәтін анық, айқын, әрі кәсіби терминологиямен жазылған. Ғылыми стильді сақтаған. Бөлімдер бір-бірімен логикалық байланыста, мазмұны тақырыпқа сай әрі үйлесімді. Дереккөздерге нақты сілтемелер берілген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыста практикалық ұсыныстар бар, бірақ олардың кейбірі нақты институционалдық тетіктермен (мемлекеттік бағдарламалар, халықаралық келісімдер) байланыстырылмаған. Аталған бұл ұсыныстар мен ескертулер диссертациялық зерттеудің жалпы сипатына және ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді, жұмыстың мазмұны мен құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 12 ғылыми басылымда жарияланған. Бұл жарияланымдар зерттеу тақырыбына тікелей қатысты және зерттеу шеңберінде алынған теориялық тұжырымдар мен практикалық нәтижелерді нақты көрсетеді. Автор зерттеу нәтижелерін 5 халықаралық ғылыми конференцияда баяндама түрінде ұсынған. Зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми журналдарда 5 мақала жарияланған. Сонымен қатар, автордың SCOPUS базасына енген мақаласы диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін халықаралық талаптарға сәйкестендіреді. Бұл мақалалар сериясы зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығы мен өзектілігін дәлелдейді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдығы, теориялық негізділігі және практикалық маңыздылығы тұрғысынан қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар теориясы мен Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелерін терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

			Диссертациялық жұмыс білікті, дербес, толыққанды аяқталған ғылыми зерттеу және «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына толық сай келеді. Ізденуші Тұралин Есенғазы Мұхаметжанұлы «8D03106 – Аймақтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің халықаралық қатынастар кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD **Шукыжанова А.Н.**

Қойылған АИ Шукыжанованың
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись Шукыжановой заверяю
Инспектор отдела кадров